



16 желтоқсан, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

Еркін елдің еңсесі тік

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ИГІЛІГІ



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы келген ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев және Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетовпен Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, Нағи Илиясов ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсіміне қатысты. Бұл – Президент тапсырмасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Сыр өңірінде салынған 27 медициналық нысанның алғашқысы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, аймақ басшысы салтанатты рәсімде тұрғындарды Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөліп келеді. Медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту үшін облыста кешенді шаралар қабылданауда. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен аймақтың елді мекендерінде 27 нысан салынауда. Бүгінде 15 дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілуде. Саладағы бастамалар алдағы уақытта да өңір халқының игілігіне айнала берсін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Медицина саласының ардагері Тұрғанбай Маханов ақ батасын берді. Сондай-ақ іс-шарада дәрігерлік амбулатория құрылысын сапалы жүргізуге атсалысқан мердігер

мекеме өкілдері және ауылдың дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды.

Айта кетейік, амбулатория құрылысы осы жылдың мамыр айында басталған. Ғимараттың жалпы ауданы – 860 шаршы метр.

Биыл облыс бюджеті 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетті. Қаржының басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды. Оның ішінде медицина саласына 138 млрд 600 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын Қан орталығы жақын күндері пайдалануға беріледі. Оған қоса 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылуда.

Жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық, қалаға қарасты Досан елді мекенінде медициналық бекет, Жанакорғандағы көпбейінді аудандық аурухана базасында балаларға арналған «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылады.



ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАРИХТАҒЫ БЕТБҰРЫС

Тәуелсіздік – саяси құндылық ретінде саяси субъектінің дербестігі, өзін-өзі басқаруы және бостандығын қамтитын негізгі қағидат. Егемендік пен дербестік ұлттық бірегейлікті анықтауға ықпал етеді. Ол сыртқы бақылау мен үстемдіктен еркіндікті білдіреді. Көптеген елдер үшін саяси тәуелсіздікке қол жеткізу – тарихи кезең. Бұл жолдағы күрес отаршылдық, басқыншылық және сыртқы бақылаудан құтылу үшін күш салуды қамтиды.

Ел тәуелсіздігінің тарихи рөлі құндылықтар тұрғысынан қарастырған кезде терең және жан-жақты. Еркіндік алу – ұлт тарихындағы елеулі бетбұрыс. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын тарихи тұжырымдар, ортақ тәжірибе және мақтанш сезімін қамтитын анықтаушы сәт ретінде қызмет етеді. Елдегі түрлі этникалық, мәдени және тілдік топтар арасында бірлік сезімін дамытуға көмектесе алады. Оның құндылығы жалпыұлттық бірегейлікті нығайта отырып, азаматтар үшін ортақ бағдар болды.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын. Биыл еліміздің өз тарихындағы ең маңызды белесті бағындырғанына, ата-баба арманының ақиқатқа айналғанына 32 жыл толды.

Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығының басы еліміз үшін түбегейлі жаңғыру кезеңі болды. Бірегей Конституциялық реформа жасалып, жалпыұлттық референдумда Сыр жұртшылығы өзгерістерге барынша қолдау білдірді. Президент, Сенат пен Мәжіліс, барлық деңгейдегі мәслихаттар, аудан, ауыл әкімдерінің сайлауында да саяси және сайлау мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Шын мәнінде, Тәуелсіздік – бәрінен қымбат. Тәуелсіздікті сақтау бұл – ең алдымен, тұтас ұлттың жауапкершілігі. Біз егемендікті тынымсыз еңбекпен, мызғымас бірлікпен күн сайын қорғауымыз керек» деген сөзін Сыр өңірінің еңбеккеш халқы әрдайым назарда ұстап келеді.

Қазан айында аймаққа жасаған сапары кезінде Мемлекет басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени даму қарқынын жоғары бағалады. Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктеге түсу үшін адал еңбек пен жауапкершілікті жаңа қоғамдық этиканың өзегі, әділдік, ашықтық және шынайы бәсекені басты қандат етуіміз керектігін айтты. Тәуелсіздікті нығайту жолында тер төккен еңбек адамдарын құрметтеудің ерен үлгісін көрсетті.

Президент аймақтарда әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын құруды басты міндет етіп жүктегені бері Сыр өңірінде ауқымды жобалар жүзеге асуда. Жаңа мектептер, іргелі білім ошақтары жанынан қосымша ғимараттар салынды. «Жайлы мектептердің» құрылысы басталды. Медициналық нысандар құрылысы қарқын алды. Рухани, мәдени, тарихи, отбасы құндылықтары дөрітпелетін орталықтар қызметіне кірісті. Аймақты электр энергиясымен толыққанды қамтамасыз ететін жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. «Қызылорда-Жезқазған» жолы қайта жаңғыртылуда. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысына дейінгі аралығын төрт жолақты етуге қатысты тарихи шешім қабылданды. Жоғарыда аталған бастамалар қастерлі Тәуелсіздігіміздің, Президент пен Үкіметтің Сыр өңірін ұдайы қолдауының арқасында қолға алынып, жүзеге асуда.

Баға жетпес байлығымыз – Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау бәріміздің қастерлі борышымыз болғандықтан, біз егемен Қазақстанды, шежірелі аймағымызды одан әрі дамыту жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Мемлекет басшысы ұсынған азаматтары тең мүмкіндіктерге ие әрі құқығы қорғалған Әділетті Қазақстанды құруға әрқайсымыз мүдделіміз. Елімізде асқақ армандар мен батыл жоспарларды іске асыру үшін білім алуға, біліктілікті жетілдіруге әрдайым жол ашық. Жастардың жаңашылдығы пен бастамашылдығына да ұдайы қолдау көрсетіліп келеді.

Бүгінгі Тәуелсіздік мерекесінде әр отбасына тату-тәтті тірлік, береке-бірлік тілеймін. Еліміз аман, елдігіміз бүтін, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!

Ізгі ниетпен,
облыс әкімі
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

● БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті оқырман!

2024 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ
ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА»
ЖШС-на ҚАРАСТЫ
ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу
бағасы:
жекелер үшін – 4000
теңге,
мекемелер үшін –
5000 теңге.



Ән құдіреті



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне өнер сапарымен келген Қазақстанның Халық артисі Роза Рымбаеваның сахнадағы 50 жылдығына арналған шығармашылық кешін тамашалады.

Кешке ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев, Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, Мәжілісестігі «AMANAT» партиясы фракциясы аппаратының басшысы Мадина

Қадырова, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері келді.

Сахнадағы жартығасырлық мерейлі белесіне орай сырбойылық көрерменімен қауышқан Роза Қуанышқызы ұлдары Әли және

Мәдиден бірге репертуарындағы танымал әндерін айтып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Қызылордалықтар әншінің орындауындағы «Атамекен», «Отандастар», «Өткен күн», «Неге жалғыз?» шығармаларын тыңдап, ерекше қошемет көрсетті. Өйткені, Халық артисінің шығармашылығы мен қазақ әнінің тұтас дәуірі бір-бірімен тығыз байланысты.

Концертте Роза Рымбаева жерлесіміз, танымал музыкант Батырхан Шүкеновтің құрметіне оның әндерін орындады.

Отандық эстраданың ең танымал әншісі 22 жасында Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген артисі, 29 жасында Қазақ КСР-нің Халық артисі атанған. Еліміздің атын, ұлтымыздың болмысын, музыкалық талғамын әлемге танытқан. Роза Қуанышқызының 1977 жылы Болгарияда өткен «Золотой орфей» фестивалінің бас жүлдесін жеңіп алуы сол кезеңдегі қазақ ән өнерінің ғана емес, Кеңес одағы мәдениетінің ең үлкен жетістігі еді. Әншінің талантын мойындаған бауырлас қырғыз бен өзбек ағайындар Роза Қуанышқызына өз республикаларының Еңбек сіңірген артисі атағын берді. Ол тәуелсіз еліміздің «Құрмет», «Парасат» ордендеріне ие болып, Қазақстанның Еңбек Ері атанды.

Концертте әншіге аймақ басшысының ықылас гүлі ұсынылды.



САПАР

ЖЫЛ МӘРЕСІНДЕГІ ЖАЛАҒАШТАҒЫ ИГІЛІК



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік нысанның ашылу рәсіміне қатысып, тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Алдымен Мырзабай ахун ауылындағы дәрігерлік амбулатория ашылды. Президент бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Сыр өңірінде 27 медициналық нысан салу жоспарланғаны белгілі. Биыл оның 15-нің құрылысы бітті. Соның бірі – осы Мырзабай ахун ауылындағы амбулатория.

Ауыл тұрғындарын Тәуелсіздік күнімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтаған аймақ басшысы денсаулық сақтау саласындағы іргелі істерге тоқталды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деп, саладағы реформалардың басты мақсатын белгіледі. Ол – бірінші кезекте, медициналық қызметтің қолжетімділігі, денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жетілдіру. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен аймақтың елді мекендерінде 27 нысан салынууда. Бүгінде 15 дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілуде. Жаңа нысан ауыл медицинасының кәсіби деңгейін көтеруге қызмет етсін! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Денсаулық сақтау саласының үздігі Абдулла Шүленбаев тұрғындарды құттықтап, ақ батасын берді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болды.

Айта кетейік, амбулатория құрылысын «Бак-Береке» ЖШС салды. Ғимарат ішінде тіркеу орны, аптекалық бекет, қабылдау,

— Мемлекет басшысы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деп атап өтті.

Кейінгі жылдары Сыр өңірінде бой көтерген жаңа заманауи нысандар аудан орталықтары мен қала саулетінің, тұрғындардың өмір сапасының артуына қызмет етіп келеді. Бүгін Жалағашта жаңа баспанаға қол жеткізген 50 отбасының қуанышы еселенді. Бұл – тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған қолдаудың нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы.

Рәсімде еңбек ардагері Әбілхайыр Ерәлиев баспана қуанышына кенелген тұрғындарды құттықтап, бата берді. Іс-шара барысында нысан құрылысын сапалы жүргізуге атсалысқан мердігер мекеме өкілдері және ауылдың дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды.

Жаңадан салынған 25 үйдің әрқайсысында 2 пәтерден бар. Пәтерлерде қонақ, жатын, жуынатын бөлмелер, ас үй қарастырылған, алаңы 60 шаршы метр.

Айта кетейік, бүгінде Сыр өңірінде 4170 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Биыл 2500-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам аймақ

ең өзекті мәселелерді шешуге жұмсалуда. Жалағаш ауданындағы автомобиль жолдарын жақсартуға 2,5 млрд теңге қаралып, 64,5 шақырым жол жөнделді. Шәменов пен «Ақсу» ауылдық округін газдандыру жұмыстары басталды.

Ауданда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2 нысан салынды. Мырзабай ахун ауылындағы дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін «Аламесек» ауылында халық игілігіне тапсырылады. Келер жылы «Қаракеткенде» фельдшерлік-акушерлік бекеттің құрылысы басталады.

ЖАҢА КӨПІР – ЖАЙЛЫ ӨТКЕЛ

Жалағашта теміржол үстінен жаяу жүргіншілер көпірі салынып жатқанын көпшілік жақсы білетін. Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сапар сәтінде көпірдің ашылу рәсіміне қатысты.



— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мемлекет жергілікті инфрақұрылымды жанартады. Мұның бәрі өңірлерді тұрғындар мен инвестиция



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

үшін тартымды етеді» деген болатын. Бүгін Жалағаш ауданындағы құрылысы аяқталған маңызды жобалар халық игілігіне берілуде. Жаңа ғана 50 тұрғын үйдің кілтін жерлестерімізге табыстадық. Мырзабай ахун ауылында жаңадан салынған дәрігерлік амбулатория жұмысын бастады. Міне, жылдар бойы шешімі табылмай келген теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі іске қосылады. Халықтың сұранысына сәйкес, аспалы көпір құрылысына облыстық бюджеттен 325,4 млн теңге бөлінді. Көптен күткен қуаныш құтты болсын! – деді аймақ басшысы салтанатты сәтте.

Мұнда сондай-ақ еңбек ардагері Қабылбек Нұрмағанбетов жерлестерін құттықтап, бата берді. Мердігер мекеме өкілдері мен аудан дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды.

үшін жауапты басқарма басшыларына нақты міндеттер жүктелді. Азаматтардың сұрақтары бойынша тиісті түсіндірме беріліп, шешу жолдары қарастырылды.

Айта кетейік, ауданға жұмыс сапары барысында Нұрлыбек Машбекұлы бірқатар нысанның ашылу рәсіміне қатысты. Ауыл тұрғындарымен, ақсақалдармен кездесіп, Сыр өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді, алдағы жоспарларды талқылады.

Бұған дейін аймақ басшысының тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдары басшыларының орынбасарлары әр ауданда бір күн бойы жеке қабылдаулар өткізді. Тұрғындар айтқан түйткілдер реттілігіне қарай шешімін тапты.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Облыс әкімі Жалағашқа жұмыс сапарында Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, Жалағаш ауданының тұрғындарын жеке қабылдады.

Оған облыстық сот төрағасы, барлық құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

Қабылдау ашықтық қағидатына негізделгендіктен, келушілер көп болды. Жалпы саны 50-ге жуық азаматтың өтінішін екі сағатқа жуық уақыт тыңдаған облыс әкімі барлық ұсыныс-пікір назардан тыс қалмайтынын жеткізді. Азаматтар көтерген басты мәселелер тұрғын үй алу, жұмысқа орналасу, жеке бизнес бастау және кәсібін кеңейту, аяқсеу, қоғамдық көлік жайында болды.

Аймақ басшысы сауалдарды сала мамандары мұқият зерделеп, заң шеңберінде шешім қабылданатынын айтты. Көтерілген мәселелердің оңтайлы шешілуін қадағалау



оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу станциялары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті бар, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай жасалған.

50 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жұмыс сапарында облыс әкімі 50 отбасыға пәтер кілтін табыстау рәсіміне қатысып, тұрғындарды құттықтады.



тұрғыны қоныс тойын тойлауда.

Аймақ бюджеті өткен жылмен салыстырғанда 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетсе, Жалағаш ауданының бюджеті 11 млрд теңге болды. Бұл қаражат



AMANAT

АЙМАҚТЫҚ ФОРУМНЫҢ АУҚЫМЫ

Кеше Қызылордада «AMANAT» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыруымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының I аймақтық форумы өтті. Онда партияның «Халықпен бірге!» деп аталатын сайлауалды бағдарламасы мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауының негізгі бағыттарын орындауда мәслихаттардағы фракция мүшелерінің алдында тұрған міндеттер талқыланды.

Форум жұмысына ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев, фракция мүшесі Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов, Қазақстанның Еңбек ері Абзал Ерәлиев қатысты.

Партияның облыстық филиал төрағасы Наурызбай Байқадамов форум қатысушыларына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді.

Онда мәслихаттар институты биліктің өкілді органы ретінде уақыт өте келе жетіліп, жаңғырып, жаңа өмір шындығына бейімделіп отыратындығы атап өтілген. Сонымен қатар аймақ басшысы форум жұмысы мәслихат депутаттары үшін өз тәжірибесін шыңдау, әртүрлі әдістемелік кеңес алу, біліктілікті арттыру, депутаттар мен жергілікті атқарушы органдар арасында Сыр елінің экономикасын

дамыту мәселелерін талқылау бойынша ашық диалог болатынына сенім білдірген. Фракция жетекшісі Елнұр Бейсенбаевтың мәлімдеуінше, биыл партия және депутаттар тарапынан маңызды іс-шаралар атқарылып отыр.

— Партияның Мәжілістегі фракциясы есепті кезең ішінде қарқынды жұмыс жасап, 22 заң жобасына бастамашы болды. Жалпы 128 заң жобасы қарастырылып, 40 заңға Мемлекет басшысы қол қойды. 58 заң Сенатқа жолданды. Оған фракция мүшелері 665 түзету енгізді. Үкіметке 210 депутаттық сауал жолдады. Онда қоғамды толғандырып отырған ең өзекті де көкейкесті мәселелер қозғалды. Олар тиісінше шешімін тауып жатыр. Біз – қоғамның талап-тілегіне құрметпен қарап, оларға құлақ асатын партияның өкілдеріміз. Сондықтан өткен сайлауда халыққа берген уәде-

леріміздің орындалуын қадағалау – біз үшін өте маңызды. Бұл ретте жергілікті жерлерде де мәслихат депутаттары заң жобалары, депутаттық сауалдар, зерттеулер және азаматтарды алаңдатқан ең өткір мәселелерді батыл көтеріп, ашық түрде сын айтып, партияның сайлауалды уәдelerінің орындалуына маңызды рөл атқаруы керек, – деді Елнұр Бейсенбаев.

Жалпы өңірдегі өзекті мәселелер мен орталық деңгейде шешілуі тиіс сұрақтар бойынша жергілікті фракция мен Мәжілістегі фракция мүшелері арасында жүйелі жұмыс бар. Бұл туралы Мәжілістегі фракция мүшесі Мархабат Жайымбетов атап өтті.

Ал партия филиалының және облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов партияның мәслихаттардағы депутаттық фракциялары мүшелерінің алдында тұрған міндеттер туралы жеткізді.

— Президентіміз әрдайым елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажеттігін атап көрсетуде. Бұл бастама мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтып, ел дамуына тың серпін беретіні анық. Осы тұста азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту жұмыстары күшейтікеніміз жөн. Себебі мықты мәслихаттар ғана өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақ-

тардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Бұл ретте халықтың сенім мандатына ие болған және өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ісіне белсене атсалысып келе жатқан мәслихат депутаттарына жоғары жауапкершілік жүктеледі. Партия фракциясы мүшелерінің алдында тұрған басты міндеттің бірі – бұл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасында көзделген тұрғындармен тұрақты кері байланыс жасау. Партияның сайлауалды уәдelerінің сапалы орындалуына жұмыс істеу, – деді Наурызбай Байқадамов.

Айта кетсек, Қызылорда облысында барлық деңгейдегі 152 депутаттық манадаттың 124-і «AMANAT» партиясының мүшесі. Олар биылғы жылдың 11 айында 390 қабылдау өткізіп, 1 мыңнан астам азаматты қабылдаған. 917 өтініш оң шешімін тауып, 323 мәселе бойынша кеңес берілді.

Пленарлық отырыстан соң, форум жұмысы панельдік сессияларда жалғасты. Мұнда депутаттар салалар бойынша секцияларға бөлініп, өзекті мәселелерді талқылап, жұмысты жетілдіру бағытында тәжірибе алмасты.

«СБ» ақпарат

ТӘУЕЛСІЗДІК — ТАРИХТАҒЫ БЕТБҰРЫС

Тәуелсіздік бостандық, демократия және өзін-өзі анықтау секілді құндылықтарды насихаттаумен тығыз байланысты. Мемлекеттер бұл мұраттарды өздерінің негізгі құжаттарында тұжырымдайды және басқарудың жетекші қағидалары ретінде пайдаланады. Тәуелсіздік тарихын тәрбиенің құрамдас бөлігіне айналдырған маңызды. Әсіресе, ұрпақ бойында құндылықтар, отансүйгіштік пен жауапкершілік сезімін оятатын баяндаулар жасалғаны дұрыс. Ол ұлттың одан әрі дамуын анықтайтын тарихи мұраны қалыптастырады. Процестер позитивті түрде түсіндірілгенде ғана, құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа сәтті беріледі деп ойлаймыз.

Саяси тәуелсіздік өзін-өзі анықтау қағидасына сәйкес келеді. Халық өз тағдырын басқару, өз мүдделеріне қарай таңдау жасау, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелерді анықтауға ұмтылады. Азат елдер ішкі және сыртқы мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы. Осы дербестік басқару құрылымдары, құқықтық жүйелер, экономикалық саясат және дипломатиялық қатынастарға таралады. Саяси тәуелсіздік халықаралық қауымдастықтың мойындауымен де байланысты. Тәуелсіз мемлекеттер халықаралық ұйымдарға және тең құқылы егеменді субъектілердің құқықтарындағы дипломатиялық қатынастарға қатыса отырып, әлемдік қоғамдастықта танылған мәртебеге ие.

Саяси ғылымдарда ел тәуелсіздігі ұғымы көп қыры және бірнеше өлшемдерді қамтиды. Ең алдымен, егемендік саяси тәуелсіздіктің негізгі аспектісі саналады. Ішкі егемендік мемлекеттің өз территориясы мен халқына билігін білдіреді. Сыртқы жағынан мемлекеттің халықаралық жүйеде тең құқылы ретінде танылғанын көрсетеді. Саяси тәуелсіздік белгілі бір аумақтық кеңістікті бақылауды айқындайды. Бұл мемлекеттің өз шекарасы, жерді пайдалану және табиғи ресурстар туралы шешім қабылдай алатындығын дейтіндейді.

Өзін-өзі билеу қағидасы ұлттың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тағдырын сыртқы араласусыз шешуге құқығы бар деген идеясынан туындайды. Тарихи тұрғыдан алғанда, өзін-өзі билеу қағидасы отарсыздандыру процесінде шешуші рөл атқарды және тәуелсіздік алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, саясаттану ел тәуелсіздігін халықаралық құқық призмасы арқылы қарастырады. Мемлекет халықаралық құқықтың субъектілері болып саналады, ал олардың тәуелсіздігі құқықтық нормалармен қорғалады.

Тәуелсіз мемлекет өзінің ұлттық қорғанысы мен қауіпсіздігін сақтау мүмкіндігіне ие. Мемлекет қарулы күштер құра алады және өзінің қорғаныс саясатына қатысты шешім қабылдайды. Саяси ғылымдардағы ел тәуелсіздігіне қатысты басқа да түсіндірмелер мәселенің ішкі және сыртқы өлшемдері, құқықтық мәртебесі, мемлекеттердің жаһандық жүйедегі басқару өкілеттіктерін тану мен жүзеге асыруды жан-жақты талдауды қамтиды деуімізге негіз бар.

Тәуелсіздік еркіндік әкелумен қатар жауапкершілік те жүкттейді. Мемлекет тиімді басқару, ішкі мәселелерді шешу және өз азаматтарының әл-ауқатын қамтамасыз етуге тиіс. Халықтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне ықпал етеді. Тәуелсіз мемлекеттер өздерінің қауіпсіздік саясатын қалыптастыру, басқа елдермен өзара мүдделер негізінде дипломатиялық қарым-қатынастар мен ынтымақтастық орнатуда құқылы. Әлемнің көптеген тәуелсіз елдері азаматтарға шешім қабылдау процестеріне қатысуға мүмкіндік беретін демократиялық басқаруды басшылыққа алады. Осы демократиялық қағидалар билік түптеп келгенде халыққа тиесілі деген идеяға сәйкес келеді.

Ел тәуелсіздігінің тарихи ролі мемлекет қолдайтын құндылықтармен терең байланысты. Өзінің құқықтық және саяси мәртебесінен бөлек, уақыт өткен сайын ұлттың болмысы мен ұмтылысын қалыптастыратын мәдени, әлеуметтік және адамгершілік мәні бар құдіретті символ. Сондықтан тәуелсіздік – саяси құндылық ретінде ұлттардың бірегейлігі, бостандығы және өзін-өзі анықтауының құрамдас бөлігі. Бұл сыртқы бақылаудың жоқтығын ғана емес, халықаралық нормалар мен ынтымақтастық контекстінде азаматтардың әл-ауқатын тиімді басқару және қамтамасыз ету жауапкершілігін де білдіреді.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған профессор

1-бет



2013 жылы құрылған «Қызылорда автобус паркі» ЖШС қызметі қазір жергілікті тұрғындар көңілінен шығып отыр. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен серіктестікке «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке жаңадан 150 автобус жеткізілді. Өткен жылға дейін серіктестік 5 бағыт бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырған еді. Биыл олардың саны 20 бағытты құрап отыр. Қазіргі таңда қалаішілік бағытта күнделікті 200 автобус жолға шығады. Олардың қатынау интервалы 12-15 минутты шамалайды. Сондай-ақ бұрын қолданыста болған үлкен сыйымдылықтағы 15 автобус қайтадан күрделі жөндеуден өткізіліп, қосымша бағыттарға қосылды. Бәрін айт та бірін айт, тап қазіргідей қара суығымен сынап тұрған сәтте қоғамдық көліктің жайлы қызмет көрсетуі бұрын-соңды болмаған игілік десек болады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

– Жергілікті тұрғындар мен қала қонақтарына сапалы қызмет көрсету – негізгі мақсатымыз. Биыл қосымша үлкен сыйымдылықтағы 150 автобус сатып алу жоспарланды. Оған облыс әкімі қолдау білдіріп, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке жаңа автобус алу ұйғарылды. Бұл ұсынысқа облыстық және қалалық мәслихат депутаттары қолдау көрсетті. Оның ішінде алғашқы 50 автобус жұмысқа қосылса, қалғаны алдағы уақытта қалаға жеткізіледі. Серіктестіктің стратегиялық жоспарында қалаішілік жолаушылар тасымалының барлық бағытын қамту енгізілген, – дейді «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директоры Мақсат Жүсіп.

2017 жылдың наурыз айында қолданысқа берілген автобус паркінің ғимараты толық талапқа сай. Оның жалпы көлемі 5 гектарға жуықтайды. Әкімшілік ғимарат, автобус жөндеу цехтары, газ құю бекеті және көлік жуу орны орналасқан. Бұл орындар үш ауысыммен тәулік бойына жұмыс жасайды.

Жылдан жылға мұнда қоғамдық көлік саны еселен артып келеді. Нәтижесінде серіктестіктің штаттық бірлігі 507 адамға жетті. Оның ішінде 338-ін автобус жүргізушілері құрайды. Оларға айлық мөлшері 1 сағатқа 1300 теңгеден бекітілген. Жүргізушілер екі күн жұмыс жасап, екі күн демалады.

– Автобус жүргізуші мамандар тапшы екенін жасыра алмаймыз. Бізде жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз етуге қойылатын кәсіби талап қатаң сақталады. Талапқа сәйкес қоғамдық көлікті басқаруға 25 жасқа толған, кемінде 5 жыл жүргізуші жұмыс өтілі бар, D санатына жатқызылатын жүргізушілер қабылданады. Бұл – Қазақстанға тән жағдай. Еліміздің Автокөлік одағының басшысы оны шешу үшін автобус жүргізушілерінің мәртебесін көтеру жөнінде ұсыныс айтқан еді. Мәселен, елімізде сегіз мыңға жуық қоғамдық көлік жүргізушісі тапшы екені айтылады. Серіктестікте оларды ынталандыру мақсатында ай сайын қорытынды шығарылады. Атап айтқанда, жол жүру ережесін бұзбай, автобустың ішкі және сыртқы тазалығын жоғары деңгейде сақтап жүрген жүргізушілерге ақшалай бонус беріледі, – дейді серіктестік директоры.

Жаңадан ашылатын бағыттар бойынша автомобиль жолдары мен көшелердің техникалық жағдайына комиссиялық тексеру жұмыстары жүргізіледі. Оның құрамында Қызылорда қаласы әкімдігі, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мамандары, Қызылорда қалалық полиция басқармасы әкімшілік полициясының қызметкерлері және «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қызметкерлері бар. Сол арқылы жол сапасын жақсарту мен тиісті жол белгісін орнату жөнінде мекемелерге ұсыныстар жолданып отыр.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ШИРАҒАН ШАРУАНЫҢ ШЫНАЙЫ КЕЛБЕТІ

– Цифрландыру – қазіргі заман талабы. Бүгінгі таңда мекеме «Алеппу» ЖШС-мен жасалған келісімге сәйкес, жолақыны төлеу ұялы байланыс операторының көрсетілген қызметтері немесе электрондық жол жүру картасы арқылы жүзеге асады. Сараланған тариф 2021 жылдың қаңтар айынан электронды түрде төлем 85 теңге, қолма-қол төлем 90 теңге болып бекітілген еді. Биыл қалалық мәслихат отырысында «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-на қарасты қоғамдық көлік бағыттарында қолма-қол төлемді 130 теңгеге көтеруге ұсыныс беріліп, қолдау тапты. Электронды түрде төлемдері бұрынғыша қала берді. Ал сараланған тариф 9 қыркүйектен бастап іске қосылды. Бұл өз кезегінде жолаушылардың электронды түрде төлем жасауын арттырады. Ол – көлеңкелі кәсіптің алдын алудың бірден-бір жолы. Жаңашыл жоба қоғамдық тасымалдауда ыңғайлы, қаржы ағынының ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ автопарктің кірісін арттырып, жолаушы тасымалдауда мәдениеттілікті қалыптастырып келеді, – делі Мақсат Жүсіп.

Айта кетсек, электронды және қолма-қол төлемдері өзге өңірлермен салыстырғанда қарайлас. Электронды түрде төлем жасаудың SMS, QR код, ұялы қосымша, көлік және банктік карталарды қолданатын ұялы байланыс операторлары арқылы 8 түрі ұсынылған. Серіктестікке қарасты қоғамдық көліктер 2GIS, Яндекс GO және Яндекс Карта ұялы қосымшасына тіркелген. Өз кезегінде жолаушылардың баратын жеріне қосымша арқылы бағдарлы автобустардың қай бағытта, қандай уақытта жүретінін көру мүмкіндігі жасалған. Мекеменің барлық автобусына автоинформатор орнатылып, автоматты түрде аялдамаларды хабарлау қызметі жұмыс жасауда. Оған қоса серіктестік Call-орталық қызметін іске қосты. Жолаушылар телефон соғу арқылы автобустардың қай бағытта келе жатқаны жөнінде анықтама ала алады.

Аталған жүйе арқылы жолаушыларға автоматты түрде аялдама атауын, қалта ұрлығынан сақ болуын, жол жүру билетін талап ету қажеттігі хабарланады. Арнайы навигация жүйесі ескертулерді толығымен автоматтандыруға мүмкіндік береді, яғни, жүргізуші көлік жүргізу барысында алаңдамайды.

Сондай-ақ серіктестік «KitapAl» кітап дүкенімен бірлесіп отырып, халықты көркем әдебиет оқуға баулу үшін автобустарда алғаш рет жылжымалы электронды кітапханасын іске қосты. Кітап оқу үшін жолаушылардың смартфонды ғаламтор желісіне қосулы болса жетіп жатыр. QR кітаптар 20 бағыт бойынша жолаушыларды тасымалдайтын автобустардың аялдамада қолжетімді. Олардың қатарында қазақ, шетел классиктерінің және психологиялық, тұлғалық даму бағытындағы шығармалар бар.

– Биыл «Қызылорда» автобус паркіне» 10 жыл толып отыр. Он жылдық межеде көптеген жұмыс атқарылды. Айтулы датаға орай жыл соңында жақсы қызметі үшін «Үлгілі жүргізуші», «Елеулі үлесі үшін», «Креативті жүргізуші», «Шебер жүргізуші», «Жол қауіпсіздігі қозғалысының үздігі», «Таза автобус» және «Жыл жүргізушісі» номинацияларымен марапатталады. Айта кетерлігі, қызметкерлердің құқығы мен мүддесін қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін кәсіподақ комитеті құрылған. Кәсіподақ белсенділері қызметкерлермен жұмыс беруші тараптың деңгейіне байланысты арақатынасын реттейтін заңды және тәуелсіз тұлға болып саналады. Әлеуметтік кепілдіктер арқылы көзделген келісімдер мен ұжымдық шарттар жасалды. Олардың орындалуы қатаң қадағалануда, – дейді серіктестік директоры.

Кәсіподақ тарапынан қызметкерлерді ынталандыру мақсатында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Алдағы уақытта қызметкерлерді шипажайға және балаларын тынығу лагеріне жіберу жұмыстары жалғасады. Сондай-ақ серіктестік жұмысшылары әртүрлі қайырымдылық акциясына қатысып, тұрмысы төмен отбасыларға материалдық көмек көрсетуде.

Шыңдығын айтқанда, бүгінде облыс орталығындағы қоғамдық көлік мәселесі түбегейлі шешіле бастады. Бұл – әрине, елеулі жетістіктің бірі.

ДЕНСАУЛЫҚ

Биыл 15 қыркүйек пен 15 қараша аралығында елімізде бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымын, яғни, емхананы еркін таңдау науқаны жүргізілді. Дәстүрлі акцияда аймақтың 8716 тұрғыны медициналық ұйымды таңдау құқығын пайдаланды. Олардың көпшілігі, нақтырақ айтқанда 6696 адам тікелей емханада өтініш беру арқылы тіркелсе, қалған 2020 азамат egov.kz. порталы арқылы электрондық әдісті таңдаған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов хабарлады.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

МӘМС: ЖҮЙЕДЕ НЕ ЖАҒАЛЫҚ БАР?

Тіркелгендердің ішінде 6472 адам жеке клиникаларды, ал 2244-і мемлекеттік емханаларды таңдаған.

– Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылы емханаларға тіркеу науқанының қорытындысы бойынша өңірдің 10277 тұрғыны БМСҚ ұйымын еркін таңдау қызметін пайдаланды, оның ішінде 9839 адам жеке клиникаларға тіркелген болатын. Жыл сайынғы акцияға облыста 27 емхана қатысты, оның 14-і – жекеменшік, 13-і – мемлекеттік. Науқан денсаулық сақтау субъектілерінің деректер базасында тіркелген және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде қызмет көрсетуге өтініш білдірген ұйымдар арасында ғана өткізілетінін айтқым келеді. Толық ақпаратты қордың www.fms.kz сайтында «Клиника таңдау» бөлімінен білуге болады, – дейді Бақыт Торғайбайұлы.

Жалпы тіркеу науқаны емхананы ауыстырудың жалғыз мүмкіндігі емес. Бұл рәсімді жылына бір рет еркін таңдау құқығымен жасауға болады. Сондай-ақ егер адам тұрақты немесе уақытша тұратын жерін, жұмыс немесе оқу орнын ауыстырған жағдайда, басқа елді мекенге көшсе немесе ол тұрған емхана қайта ұйымдастырылса, жойылса және басқа да жағдайларда емхананы ауыстыруға құқылы.

Айта кету керек, емханаға тіркелген азаматтар келер жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және МӘМС жүйесінде сол ұйымда медициналық көмек ала бастайды.

Мамандардың айтуынша, келер жылы МӘМС жарналары мен аударымдары бойынша ставкалар өзгеріссіз қалады. Бірақ базалық есептік көрсеткіштің – ең төменгі жалақының жаңа мөлшерінің бекітілуіне байланысты төлем сомалары өзгереді. Сонымен келесі жылы МӘМС-ке кім қанша төлейді?

Атап айтқанда, жұмыс берушілер қызметкер үшін жалақының 3% мөлшерінде аударымдар жүргізеді. Бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ-дан аспауға тиіс, яғни, жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді.

Қызметкерлер, яғни, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен жұмыскерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2% мөлшерінде жарна төлейді.

Жеке кәсіпкерлер 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді. Келер жылы $(1,4 * 85\,000) * 5\% = 5\,950$ теңге. Егер жеке кәсіпкер есептілікті «нөлмен» тапсырса, бірақ өз қызметін ресми түрде тоқтатпаса, онда ол «Салық кодексі» талап еткендей, жарналарды төлеуді жалғастыруы керек екенін есте ұстаған жөн. Әйтпесе, қарыз пайда болады.

Бірыңғай жиынтық төлем кәсіпкерлік қызметті ЖК ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын бейресми жұмыспен қамтылған азаматтар үшін уақытша 5 жылға (2019 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін) енгізілді. Тиісінше келесі жылы БЖТ болмайды. Сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәртебені екі жолмен ала алады: жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды ЖК ретінде төлеу; жарналарды дербес төлеуші ретінде төлеу. Дербес төлеушілер үшін жарна мөлшері 4250 теңгені құрайды.

Мамандар сонымен қатар сақтандырылмаған азаматтар МӘМС жүйесінің қатысушысы болудың ыңғайлы және тиімді тәсілін пайдаланып, жарналарды алдағы 12 айға дербес төлеуші ретінде төлей алатынын айтады. Бұл жағдайда әр ай үшін төлемді жеке-жеке төлеген жөн. Бұл жағдайда өткен айлардағы қарыздар болса жойылады.



тәжірибелі дәрігерге жібереді. Жалпы тәжірибелі дәрігер бейінді маманмен бірлесіп, толық тексеру жүргізеді және пациентті онкологқа немесе онкоорталықтың «Онко-саяхат 2» маркерін орната отырып, бес жұмыс күні ішінде жібереді. Онколог немесе онкоорталыққа жалпы тәжірибелі

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КЕШЕН ЖОЛДА ЖҮР

Биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша облыста қатерлі ісіктер бойынша тіркелген жаңа жағдайлар 100 мың тұрғынға шаққанда 159,2-1110 жағдайды құрады. Өткен жылдың 10 айында 1011 жағдай, 100 мың тұрғынға шаққанда 146,7 болған еді, аурушандықтың өсу қарқыны 8,5%.

Онкологиялық аурушандықтың құрылымы бойынша: бірінші орында сүт безі қатерлі ісігі (14%, 147 жағдай), екінші орында өкпе қатерлі ісігі (9,9%, 110 жағдай), үшінші орында асқазан қатерлі ісігі (8,6%, 95 жағдай), төртінші орында тік және тоқ ішек қатерлі ісігі (6%, 67 жағдай).

Қатерлі кеселден өлім-жітім көрсеткішінде бірінші орында өкпе қатерлі ісігі (14%, 51 жағдай), екінші орында асқазан қатерлі ісігі (13,7%, 50 жағдай), үшінші орында тік және тоқ ішек қатерлі ісігі (9,4%, 34 жағдай), төртінші орында сүт безі қатерлі ісігі (8,5%, 31 жағдай), бесінші орында өңеш қатерлі ісігі (6,8%, 25 жағдай).

Аурудың 0-І сатысында анықталуы 0,9%-ға жоғарылап, жаңа жағдайлардың жалпы құрылымында 32,8% (2022 жылғы 10 ай 32,5%) құрады.

Онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған скринингтердің жалпы жоспарын орындау 93,8%. Сүт безі қатерлі ісігінің алдын алу скринингімен қамту 89,6% болып, (33251 әйел тексерілді), 59 ауру анықталды. Жатыр мойны қатерлі ісігінің алдын алу бойынша жоспарлы қамту 96,1% құрады (25893 әйел тексерілді). Ісіктердің жағдайларды анықтау 0,7% (192 жағдай), 22 жағдай анықталды, барлығы ерте 1-2 сатысында.

Тік және тоқ ішек қатерлі ісігінің алдын алу скринингімен қамту 96% құрады (41379 адам тексерілді), ісіктерді аурулардың анықталуы 18,3% (57 жағдай), 4 жағдай анықталды, ерте сатысында анықтау 100%.

Облыстық онкология орталығында 4611 пациент арнайы мамандандырылған ем алды, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21,5% артқан (2022 жылдың 10 айы 3796%). Емханаға келушілер саны 25211, яғни 7 317 пациентке артуы байқалады (2023 жылдың 10 айында 17 894).

Пациенттердің жүру бағытын, тексеру уақытын бақылау үшін ахуалдық орталық ұйымдастырылып, жұмыс жасауда. Нәтижесінде уақытылы тексерулерден өткендер артқан.

Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы негізінде қара кабинетінің маманы ісік ауруына күдік болған немесе анықталған кезде «Онкоасхық 1» маркерін қояды, пациентті үш жұмыс күні ішінде жалпы

СӘБИ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖҮК

Бала асырап алушылардың басына жауап

«...Сәбидің бәрі бақытты, болуы үшін жаралған». Иә, осы бір әнді тыңдап отырған төрт құбыласы түгел адамның өзінен де мұң сезіліп, көзінен ып-ыстық жас сау ете қалады. Қазақ «Жетім көрсең жебей жүр» дейді. «Жетім болса, жетілер» деген де сөз бар. Бірақ, жетім-ғұмырды жетілдіру, сынған қанатын қалпына келтіру, сәбидің нәби жүрегін аялау қазіргі қоғамның қолынан келіп жатыр ма? Көкек аналар көбейіп, желөкпе әкелердің саны артқан кезде періште жүректердің нендей жазығы бар еді деп ойға шомасың...

Сондықтан ата-анасыз қалған балалар мен балалы болғысы келетін аналар жайына жан-жақты тоқталып өттік.

С Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Күйік кешкен кейіпкерлер

Жетімдер мен бала асырап алу, олардың денсаулығы һәм тағдыры жайлы толғанбаған жазушы кемде-кем. Қай дәуірді алсақ та, жырауларды сойлеткен, акын-жазушылардың қолдарына қалам ұстатқан тақырыптың бірі – қорғансыз жетімдер өмірі.

Бұл тақырып әлем әдебиетінде үлкен орынға ие. Дат жазушысы, ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің бір ғана «Шырпы сатқан қыз» деп аталатын ертегі-әңгімесін мысалға алсақ жеткілікті. Ағылшын жазушысы Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері», «Дэвид Копперфильд», француз жазушысы Виктор Гюгоның «Аластатылғандар» тәрізді көлемді шығармалары және америка жазушысы Джек Лондонның «Жолдан тайған», орыс қаламгерлері А.Чеховтың «Ванька», «Ұйқы келеді», А.Горькийдің «Жетімек», А.Серафимовичтің «Торғай түн» әңгімелері деп және жалғастыра беруге болады.

Ал қазақ әдебиетінде балалар өміріне арналып жазылған шығармалар, олардың ішінде панаһсыз балалар жайындағы туындылар дегенде М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», С.Дөңентаевтың «Көркемтай», Қ.Кемелгерұлының «Жетім қыз», «Момынтай» әңгімелері бірден еске түседі. Көңіл құлазытады. Осы көркем шығармалардағы кейіпкерлерді шын өмірде көргенде тіптен ет жүрегің езіліп кетердей күйі кешесің.

Сәби үйі: Үт ұшындағы үміт

Сыр елінде «Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының облыстық мамандандырылған Сәби үйі» атты мекеме бар. Көбі бұл орын туралы тіс жара бермейді. Иә, өйткені мұнда тағдырлы балалар тәрбиеленіп жатыр.

Отбасы – адам өмірінде кездесетін бағалы құндылықтың бірі. Жер жаһанда отбасынан жылулық, ата-анасынан махаббат, шаңырағынан шаттық іздемейтін адам жоқ-ау, сірә? Өйткені, күрмеуге келмейтін қысқа ғұмырда көңілді көтеріп, жанды жалдырататын бірден-бір орды – отбасы. Алайда, шыр етіп дүниеге есігін ашқаннан-ақ, адамзат үшін асыл мекен отбасынан ажырап қалып жататындар да бар. Осындай, өмірге келе сала тағдыр тепкісіне тап болған балалардың құт мекеніне айналатын, отбасыдан ала алмаған

өткізілген. Мұнда музыка терапиясы арқылы жүйке жүйесінің қызметіне пайдалы, миды тыныштандыруға релаксация жасалады. Психикалық процестерді жеделдетеді, сезім арқылы түйсінуді, ұсақ және ірі қол моторикасын дамытады.

Атыңнан айналайын «Атамекен»

Осыдан 7 жыл бұрын Қызылордада «Атамекен» отбасылық үлгісіндегі балалар ауылы ашылғанды. Екі қабатты 8 тұрғын үй мен бір әкімшілік ғимараттан тұратын қалашықта 3-18 жас аралығындағы 60 тәрбиеленуші бар.

7-10 бала тұратын әр үйге «Ақ жайық», «Байқоңыр», «Үшқоңыр», «Алатау» сынды атаулар берілген. Ауылда қырықтан аса қызметкер жұмыс істеп, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың өсіп, қоғамға бейімделуіне көмектеседі. Сөйтіп бұрынғы жетімдер үйі таратылып, балалар отбасы жылуын сезінуі үшін отбасы үлгісіндегі үй-жайға көшірілді.

қарай кез келген уақытта осында бос уақыттарын өткізеді, — дейді Л.Скакова.

Мекеменің мақсаты – материалдық жағдайын жасап, білім беріп қана қоймай әлеуметтік ортаға бейімделіп кетуіне ықпал ету. Мектеп бітіргеннен кейін міндетті түрде жоғары және орта оқу орындарына түсіру. Жасөспірімдерді бейімдеу орталығына орналастырады. 23-тен 29 жасқа дейін Жастар үйінде тұрады. Балалар ауылының түлкері оқуын бітіргенше 70 пайызы үйімен қамтылған. Себебі балалар ауылындағы бала келген күннен бастап мемлекеттің үй кезегіне қояды. Оқу бітірген балалардың жұмысқа орналасуына жәрдем беріледі.

Тентегің терезеге телмірмесін десек...

Негізінен бұл – ауыр тақырып. Адамдардың жүрегін қозғап жіберетін мәселе. Ал «шешу жолы қандай?» дегенге келсек, әр отбасы бала асырап алуға күш салса, балақайлар жат мекеннің терезесіне телміріп қарамаушы еді деген ой келеді. Сондықтан осы тұста «Бала асырап

алуға рұқсат бар» деп жауап береді.

Ал Фарида ханымның айтуынша, бала асырап алуға үміткер «Асырап алушылар мектебінде» міндетті түрде 3,5 ай оқуы керек екен. Енді курстан өткені жайлы сертификаты бар азамат қана бала асырап алуға өтініш бере алады. Мұндай өзгеріс 2020 жылдан бастап енгізілген. Одан кейінгі құжат тапсыру процесі онай. Қазір мұның бәрін үйден-ақ, eGov порталы арқылы өткізуге болады. Медициналық анықтаманың бірін алуға ғана тиісті мекемеге баруыңыз мүмкін.

Маманның сөзінше, сіз үміткер ретінде өзіңіз тіркелесіз. Кейін құжаттар жергілікті қамқоршы-қорғаншы кеңесіне түседі. Ондағы қызметкерлер бір аптаның ішінде үйіңізге келіп, оны қарап, акт толтырады. Жалпы құжат тапсыру процесіне көп дегенде 10 күн кетеді. Әрі қарай бір мекемеге барып, бала іздеудің де керегі жоқ. Қазақстандағы жетім балалар деректері банкі деген сайт бар. Ел бойынша барлық мекемедегі балалардың тізімі мен анкетасын осы жерден табуға болады. Анкетасын зерттеп, баламен кездесуге мүмкіндік ала аласыз. Кейін баланы отбасыға қа-

лететін біртүтік жәрдемақы бар. Бұл форма бойынша 75 АЕК жәрдемақы беріледі.

Екіншісі – қамқоршы-қорғаншы болуы. Бұл форма – «14 жасқа дейінгі балаларға қатысты қамқоршылық», «14 жасқа асқан балаларға қатысты қорғаншылық» деп аталады. Асырап алудың бұл түрі жергілікті басқарушы органдардың шешімімен жүзеге асады. Бұл кезде асыраушы баланың деректерін өзгерте алмайды. Мектеп жасына дейінгі балаға 9 АЕК, ал мектеп жасындағы балаға 10 АЕК жәрдемақы төленеді. Ақша ай сайын баланың шотына түсіп отырады. Қамқоршы-қорғаншы заңды өкіл ретінде ақшаны алып, баланың қажетіне жаратуы керек. Жұмсалған ақша бойынша әр жарты жыл сайын қамқоршылық-қорғаншылық органдарына есеп беріп отыруға міндеттеледі.

Үшінші форма – патронат тәрбие. Патронат тәрбиеші болу үшін педагогикалық немесе осы салаға тенеірілген мамандық несі болуыңыз керек. Осы формаға сәйкес, төрт балаға дейін қабылдауға болады. Бұл үшін жергілікті құзретті органдар мен патронат тәрбиеші арасында келісім-шарт жасалады. Бұл кезде де баланың фамилиясы, аты, туған күні сияқты деректерін ауыстыруға болмайды.

Мектеп жасына дейінгі балаға ай сайын 9 АЕК, мектеп жасындағы балаға 10 АЕК жәрдемақы төленеді. Сонымен қатар патронат тәрбиешіге бөлек жалақы қарастырылған. Оның құны тәрбиешінің біліміне байланысты өзгереді мүмкін.

Төртінші форма – қабылдаушы отбасы. Асырап алудың бұл түрі бойынша өтінішті тек толыққанды отбасылар бере алады. Бұл кезде де екіжақты келісім-шарт жасалады. Қабылдаушы отбасыға кемі төрт, ең көп дегенде 10 бала асырап алуға болады. Бұл форма бір үйдің бірнеше баласын бірден асырап алғысы келетіндер үшін ыңғайлы. Мұнда да әр балаға ай сайын төленетін жәрдемақы бар. Бұдан бөлек мемлекеттен әкесіне де, анасына да ай сайын ақы төленеді. 10 жасқа асқан баланың таңдауға құқы бар. Ол өзін асырап алуға келісім беруге тиіс. Ол бас тартса, 18 жасқа дейін мемлекеттік мекемеде қала алады.

Бала асырап ала алмайтындар

Осы тұста «Кімдер бала асырап ала алмайды?» деген де сұрақ мазалайтыны рас.

– Жуырда Денсаулық сақтау министрлігі бала асырап алу, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап ала алмайтын аурулар тізіміне өзгеріс енгізді. Енді жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы (ЖИТС) және адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) сияқты ауруы бар азаматтар да бала асырап алуға үміткер бола алады.

Ал кімдер бала асырап ала алмайды?

Некеге тұрмаған ер адам; Аилық табысы жоқ немесе арнайы көрсетілген межеден кем табыс табатын адам;

Психо-неврологиялық, наркодиспансерде, тубдиспансерде есепте тұрған адам;

Тері аурулары, жұқпалы аурулары бар азаматтар;

Психикалық аурулар (невроздық, күйзеліспен байланысты және соматикалық) бұзылулардан басқа), маскүнемдік, нашакорлық, токсикомания, туберкулез, жыныстық жолмен жұғатын аурулар, алапес, дөңкер ұлпалар дезорганизациясының ауыр түрі (жүйелі қызыл жегі, терінің қатаюы, дерматоматоз), ауыр дерматоз түрлері, сырттан үнемі көмек пен күтімді қажет ететін ауруға шалдыққан азаматтар;

Өтеліп бітпеген соттылығы бар азамат;

Адам өлтіру, экстремизм, терроризм бойынша соттылығы бар азаматтар;

Тұрғын үй бойынша (өз үйі/жалдамалы пәтер) құжат көрсете алмаған азаматтар бала асырап ала алмайды, — дейді Фарида Рахметова.

Қоғам құбылмалы. «Бала асырап алсам, көпшілік мұны жәрдемақы үшін істеді» деп ойлауы мүмкін. Мекемеге үміткерлер хабарласқан сәтте ең әуелі бала асырап алудағы мақсатын, мотивін білуге тырысады. Мотив конструктив және деструктив деп екіге бөлінеді. Деструктив мотивтердің бірі сол – ақша үшін бала асырап алуға әрекет ету. Психологтар бала асырап алуға үміткерлерді психологиялық дайындық кезеңіне жібермес бұрын диагностикалық сұхбат өткізеді. Адам қанша жасырса да, ниеті бірден білінеді. Мұндай азаматтарды «Асырап алушы ата-аналар мектебі» кезеңіне де жеткізбеге тырысады.

Баланы асырап-бағу онай іс емес. Бір баланың өзіне қаншама қаржы, күш-қуат кетеді. Мемлекет сол үшін жәрдемақы беріп отырса, неге алмасақ? Жәрдемақы жайына келгенде күмілжіп қалатын үміткерлерге де айтылатын әңгіме – осы. Мемлекет бұл ақшаны баланың қажетіне жұмсау үшін беріп отыр.

Ал балаға деген құштарлық, махаббат, мейірім дегендей құндылықтың өтеуі өте қымбат. Осыны жан-жүрегіміз сезіну – ең басты мәселе дегенге саяды мамандар сөзі. Шындығы – осы.



алу туралы әңгімелердің расы мен өтірігі қандай?» деген сұрақты да тарката кеткенді жөн көрдік. Көбісі «Бала асырап алу үшін басымда баспанам болуға тиіс» және «Көп уақыт пен энергияны алады» дейтін ойдан бұл істі кейінге шегеріп келеді. Республикалық «Ана үйі» қоғамдық қоры ұлттық бала асырап алу агенттігінің директоры Фарида Рахметова осы тақырыптағы әңгіменің тиегін таркатқан еді.

Ең әуелі «Баланды биологиялық ата-анасы теріс айналаса, демек бірнәрсесі дұрыс емес пе?» деген сауал туындайды.

– Биологиялық ата-анасы баланды түрлі себеппен теріс айналуы мүмкін. Мүгедектігі бар баласынан теріс айналатын жағдай жиі болады. Үш баласы бар жалғызбасты әйел

– Жетімдер үйін балалар ауылына ауыстырудағы басты мақсатымыз – балаларды өзін-өзі қамтамасыз етуге, қоғамдық ортаға бейімдеу. «Атамекен» отбасылық үлгісіндегі балалар ауылының ерекшелігі – оларда өздері оқитын мектепті таңдау құқығы бар. Бүгінде біздің тәрбиеленушілер қаладағы 5 мектепте білім алып жатыр. Екіншіден, бір анадан туған балаларды ажыратпаймыз. Олар бір үйде, бір отбасында тәрбиеленеді. Сондай-ақ, бір отбасының ана-тәрбиешісі ешқашан өзгермейді. Тәрбиеші аптаның бір күнінде ғана демалып келеді. Қалған уақытта сол балалармен бірге тұрады. Мемлекеттің қолдауының арқасында әр қолға алған жұмысымыз алға басып, мақсатымызға

„ «Облыстық мамандандырылған Сәби үйі» 2012 жылы жаңадан салынған. Жалпы жер аумағы 7000 шаршы метрді қамтитын 2 қабатты ғимаратта орналасқан. Қазіргі таңда 60 төсек орнында 4 жасқа дейінгі 14 бала тәрбиеленуде.

жақындап жатырмыз, — деді «Атамекен» отбасылық үлгісіндегі балалар ауылының директоры Л.Скакова.

Адамды орта тәрбиелейді. Сондықтан балалар да барлық жағдаймен танысып, бар мүмкіндікті көруі керек. Қазіргі кезде балалардың «Дарын», «Білім-инновация», Назарбаев зияткерлік мектептерінде де білім алуы үшін қолдан келген көмек көрсетіледі.

– Осыдан 6-7 жыл бұрын бұл жердегі балалар тіпті ҰБТ-ға кіруге жүрексінетін. Олар тек 9 сыныпты бітіріп, орта білім ұйымдарында оқитын. Балаларды білікті мұғалімдерге қосымша дайындыққа беріп, ұлттық тестке әзірледі.

Өлі де жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, қаладағы барлық қосымша білім беру ұйымдарының, спорттық-сауықтыру кешендерінің қызметін толық пайдаланып отыр. Бір бала 2-3 үйімеге қатысып, білімі мен дарынын жетілдіреді. «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылында да 17 үйірме жұмыс істеп жатыр. Робототехника кабинеті, тігін цехы, арт-студия, тағы бірнеше құралдармен жабдықталған кабинеттер бар. Бала өзінің бейіміне

төртіншісін босаған соң бір-ақ есін жиып, «төртеуін бірдей асырай алмаймын» деп бас тартуы да мүмкін. Кей әйелдің босағанынан ата-анасы хабарсыз болып жатады, содан кейін олардан қорқып, сәбиін тастап кетеді. Түрлі жағдай бар. Алайда мекемедегі балалардың көбі ата-анасының қамқорлығынан арнайы акт бойынша алынған. Ата-ана балаға дұрыс көңіл бөлмей, қажетін өтей алмаған соң баланы құзырлы органдар алып кетеді. Сондықтан мұндағы баланың бәрін бірдей тастауды немесе ауытқуы бар деуге келмейді.

Баланың кейбірі сөз жасынан кіші көрінуі, кештеу сөйлеуі мүмкін. Алайда ата-ана махаббатынан кейін мұның бәрі аз уақытта қалпына келеді, — дейді Ф.Рахметова.

«Бала асырап алу үшін міндетті түрде жеке баспанам болуға тиіс және некеге тұруы керек» дегендерге де жар бар. Мамандар «ҚР «Неке және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, бала асырап алуға үміткердің жеке баспанасы болуы міндет емес. Пәтерді жалдап тұрсаңыз, келісім-шартыңыз сұралады. Осы қалғыз негізінде құжат тапсыра аласыз. Кодекс бойынша некеге тұрмаған әйелдерге заң бойынша бала асырап

былдап алу процесіне жалпы 3,5 айдан бастап 9 айға дейін уақыт кетуі мүмкін. Құрсаққа бала біткен соң оны дүниеге әкелу үшін де тоғыз ай күтуіңіз керек қой. Сол сияқты бұл балаға да дайындауыңыз, оны күтуіңіз керек.

Айта кетейік, заң бойынша асыраушының жас ерекшелігіне қатысты қандай да бір талап жоқ. Тек асырап алушы мен баланың жас айырмашылығы 16 жылдан кем болмауы керек. Мысалы, өзіңіз 25 жаста болсаңыз, 9 жастағы және одан кіші баланы асырап ала аласыз.

Статистика комитетінің дерегіне, кейінгі 5 жылда жетімдер үйіне қайта келген балалар үлесі жалпы асырап алынғандардың 15-20%-ы екен. «Баланы тәрбиелей алмаймын-ау» деген қорқынышы бар үміткерге көп дайындық қажет. Жоғарыда айтқанымыздай, әуелі «Асырап алушы ата-аналар мектебінен» өтуге тиіс. Одан кейін «Қонақжай отбасы» деген форма іске қосылған. Бұл форма бойынша бірден баланы асырап алу міндеттелмейді. Тек демалыс күндері, оқудан тыс уақытта баланы өзімен әкеліп, бірге уақыт өткізіп, қонақ қылуға мүмкіндігі бар.

– Асырап алуға үміткер, бала тұрып жатқан мекеменің несі және жергілікті құзретті орган ұшжақты келісім-шарт жасайды. Келісім-шарт жарты немесе бір жылға из бір айға қасалуы мүмкін. Бұл – баланы бақылап, бір жағынан өзіңізді сынауға мүмкіндік. Ес біліп қалған баланы қабылдауға ниетті ата-анаға әуелі осы жолды ұсынамыз.

Сонымен қатар уақыт өте баланы қайтарып беруге тура келеді деп қорқып жүрген азаматтар үшін де осы форма – жақсы мүмкіндік. Осылайша, бір баланың тағдырын сақтауға болады. Себебі асырап алушыға мұнан келіп-кетер ештеңе жоқ. Ол бұл әрекеті үшін әкімшілік айыппұл да төлемейді. Ал баланың психикасы зардап шегуі мүмкін. Әуелі оны өз ата-анасы тастап кетті. Екінші рет сеніп, бөтен үйге барғанда, кейін олар да тастап кетсе, бұл баланың жан жарасын емдеу тіпті қиын болады. Бала – тұлға. Асырап алушы екінің адамның алдындағы жауапкершілікті сезінуі керек, — дейді маман.

Төртеу түгел болса...

Баланы қабылдап алудың бұдан өзге төрт формасы бар: Біріншісі – асырап алу. Бұл форма сот шешімімен тағайындалады. Шешім күшіне енген соң үміткерлер баланың фамилиясын, үш жасқа дейінгі баланың туған күнін өзгерте алады. Баланы асырап алған кезде тө-

Мақсының жарық жолы

Өткен ғасырдың бас жағында өмірге келген аға-апаларымыздың заманы тар болды. Ауыр тұрмыс, жоқшылық көріп өсті. Соған қарамастан еңбек майталмандары, мәдениет-әдебиет қайраткерлері саналы ғұмырын туған топыраққа қызмет етуге арнады. «Адам – бұл дүниеге қонақ, оның өмірі өткінші. Сондықтан артына ісі мен жақсы сөзін қалдыруы керек» деп, Жүсіп Баласағұн айтқандай, ізінде сөзі мен ісі қалған ардақтылар баршылық.



София Макашова туралы білетіндер азайып қалды. Бірақ мен және әріптестерім қоян-қолтық 30 жыл бірге жұмыс істеген соң ол туралы аз білеміз деп айта алмаймыз. Он бір жылдай орынбасары ретінде, одан кейін де бірге жұмыс атқарған апайым өте ыстық көрінеді, бейнесі көз алдымнан кетпейді. Өмірден озғанымен, көргендер көңілінде ұзақ уақыт сақталатын жандардың бірі, мен үшін бірегейі – Макашова София Өтегенқызы.

Адамға болмысы мен жүріп өткен еңбек жолына қарай баға беріледі. Облыстық денсаулық сақтау саласының негізін қалаған маман, білікті ұстаздың туған еліне жасаған қызметі ұшан-теңіз. Басқасын былай қойғанда, облыстық денсаулық сақтау басқармасын 30 жыл басқарған Қазақстанда осы кісі ғана. Оның өресі биік, кісілік келбеті жоғары, ақарына ақилы сай болатын. Жақсы адам жөнінде жылы лебізі айту, мақтау, мадақ айту қандай жеңіл. Апай туралы мені айтып, мені айт деп тұрған жақсылықтары жеткілікті. Қатарластары ел ішінде «Біздің София» деп, ал біз апай деп атап кеттік.

Ол рухани бай адамдар қатарында еді. Облыс дәрігерлерінің ұстазы, шәкірттеріне деген қамқорлығы зор болатын. Соның бірі – мен.

Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Жақсы әйелдің киесі болады» дегені бар. София Өтегенқызының ерекше қаратылысына Алла тағала бар құдіретін төккен. Табиғаты нәзік болғанымен, сын сәттерде қуат-күші тасып, бар қиындықты еңсере алатынды да содан болса керек. Адалдығымен өрліген өмір жолынан осындай қайтпас қайсарлықпен, сарқылмас қуат-күшпен қатар ана жүрегіне тән ізгілік пен өнегелі өрісін көруге болады.

София Өтегенқызы 1923 жылдың 23 желтоқсанында Қызылорда қаласында дүниеге келіп, 2006 жылы бұл фони дүниеден өтті. 1940 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, Алматы дәрігерлік институтына түскен. Ұлы Отан соғысы басталған соң, уақытша үзіліс болады. 1942-1944 жылдар аралығында Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасы паспорт бөлімінде жұмыс атқарған. 1948 жылы Душанбе дәрігерлік институтын бітіріп, Шиелі, Сырдария аудандары денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда медициналық училищесінің директоры қызметтерін, сонымен қоса емдеу жұмыстарын қоса атқарып, абырой иеленген. 1952-1982 жылдар аралығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы болды.

Парасат иесі, өмірден түгіні мол жан аймақтың көкейесті мәселелеріне ешқашан да бейжай қарап көрген емес. Соның нәтижесінде облыстық денсаулық сақтау саласын басқарған кезеңі салыстырмалы түрде өрлеу кезеңі болғандығы айдан анық.

Атап айтатын болсақ, 1952-1982 жылдар аралығында облыс ауруханаларында төсек орын 970-тен 6540-қа, оның ішінде Қызылорда қаласында төсек орын 150-ден 2600-ге көбейді. Дәрігер саны 92-ден 142-ге, орта буын медицина қызметкерлері 520-ден 4750-ге жетті. Медициналық бекеттер саны 76-дан 220-ға, 19 санитарлық автокөлік саны 300-ге артты. Ең бастысы, аурухана саны 32-ден 82-ге жетті.

Апайдың ешкімге ұқсамайтын тағдыры бар, он бес бала тапқан ата-анасына тірі бұйырған жалғыз туяқ екендігі, өзінің алғашқы еңбек жолын қарапайым төлқұжат тіркеушіден бастауы көп нәрсе аңғартса керек. Тек жажырлы еңбек, тынымсыз тірлік, уақытпен үндесу үрдісі ғана адамның өз мүмкіндігін толығымен пайдалануына қол жеткізеді. Оны София Өтегенқызының жемісті жылдары айғақтай алады.

Мүмкін өлім мен өмір күресінің ащы дәмі тез есейіп, өмір жолын дәрігерліктен іздеуіне жетеледі ме білмеймін, әйтеуір ол өз бақытын қиналған сыртқа

жанға араша болудан тапқандығы шындық. Басшылық жұмыстан қолы қалт еткенде акушер-гинеколог қызметін қоса атқарды. Сирек мамандар жетіспейтін кезде медициналық институттан алған жоғары білімін қолдана білді, жаңа өмір иелерінің дүние есігін ашуына барынша жәрдемдесті.

Ол елді мекендердегі медициналық мекемелерді өз көзімен көру мақсатында жиі аралайтын. Тұтқиылдан шыққан індет барысын өзі көріп, жете танысып, инфекцияны тоқтату жөнінде оыларын жеткізетін. Сондықтан да болар, сол кездегі ауыл медицинасының өкілдері облыстық денсаулық сақтау басшысының кабинетінде емес, ауыл алқасында араласып, еңбек етуге деген ынтасына жігер қосатын.

Талайдың көңіл түкпірінде ұялаған тұңғаларды еске алып отыру бізге парыз ретінде қалған болу керек. Апайдың бір азаматтық мінезі бар еді. Ешкімнің бетіне жел болып тимейтін. Қарбылдауға келетін адамдарды жылы сөзімен жебеп, қолдан келетін көмегін аямай, шығарып салып жататын. Парасаты пенделіктен биік тұратын еді.

Өз заманындағы классикалық әдебиеттерді оқуды көбірек ұнататын София апай ойшылдардың тасқа басып қалдырған мол мұрасынан өз керегін ала білді. Менің тағы да көңіліме түйгенім, апайдың ел ішінде кен тараған әндер жазылған қалың дәптері болушы еді. Сыртқа шыққанда оны тастамайтын. Ол өз мамандарына қатаң талап қойғанымен өте кешірімшіл еді. Қисық пен қыңырды шыдамы жеткенше тәрбиелеуге тырысатын. Бір жерге екі тентектің басын қоспайтын. Шынында, шұақты кісі еді. Бізге, әсіресе жастарға үлкен үміт артып, көміл сенетін, ұстаздық үлкен жүрек, тілекші, қамқоршы, адал көңілімен қарайтын. Апайдың зор адамгершілік қасиетін өз өмірімің үлгісі ретінде пайдаланушы едім.

Облыс тарихында өзіндік ізі, қолтаңбасы бар, кезінде Шиелі, Жаңақорған аудандарының бірінші хатшысы, облыстық партия, совет қайраткері болған асыл ағамыз Гафур Мұхамеджанов өзінің София Өтегенқызы туралы естелігінде: «Мен ол кезде Шиелі аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде едім. Ауданға екі бірдей жас дәрігер София Өтегенқызы Макашова мен Әмина Лапина келді. Екеуі де Душанбе медицина институтын бітірген, үріп ауызға салғандай көркі бар, жүзіндік көзінен өтердей хас сұлу. Алла тағала екеуіне де аяғарды аямай сыйға тартқан екен. Мінездері жібектей есіліп тұр, мөлдіреген қарақат көздері айналасына нұр шашып, әр жігіттің жүрегіне от тастағандай» деп бағалай келе, жастық уақыттарын бірге өткізген, тай-құлындай тебіскен қатар-құрыбыларын, өз замандастарын сағынышпен еске алуы бекер емес. Мұнда ұзақ жылдар бойы жалғасқан достық, бір-біріне деген ілтипат, құрмет жатыр.

София Өтегенқызы туралы кезінде облыстық, республикалық басылымдарда мақтаулы шығармалар шығып жатты. Соның бірі Асқар Токмағамбетовтың «Дәрігер София Макашқызына» атты өлеңінде:

– Бас ауырып, балтыр сыздап, Болса үйде көңіліздік. Біреу сілтеп айтусыз-ақ. Сені іздедік, сені білдік, – деген жолдар бар.

Әріптес, құрбысы Әмина Жағыфарқызы Лапина Софияны қазақтың маңдайалды, ата-анасынан асыл туған азаматқа бергісіз қызы деп бағалаған. «Өйткені қазақең жігітті мақтағанда, қыздай, ал қызды мақтағанда, азаматтай деп сипаттайды ғой. Софияны азамат деп ауыз толтырып айта аламын. Мен өмірімде осындай адаммен кездескенімді зор бақыт санаймын. Біз студент кезімізден жақсы жолдасып, сырлас-

пыз. Содан бері жарты ғасыр уақыт өтіпті. Сол кездер жадымда жаңғырып, көңілімде сайрап жатыр. Софияның кісілігі, азаматтығы мен өзімді туыс тарта білген қасиеті арамыздағы қарым-қатынасты туған бауырдай дәрежеге жеткізді. Байланысымыз бен сәлем-сауқатымыз ешқашан үзілген емес. Қызығымыз да, қиыншылығымыз да бірге өтті» делінген естелікте.

ҚазССР Денсаулық сақтау министрі болған Төреғелді Шарманов оны еліміздегі денсаулық сақтау саласында өзіндік із қалдырған қазақтың аяулы қызының бірі ретінде құрметтеген. «Өмір тұрғындарының денсаулық жай-күйінің басқарлармен салыстырғанда өзінше ерекшелігі бар. Сыр елінде ширек ғасырдан астам қызмет атқарып, ондағы медицина саласын қалыптастыруға аянбай тер төккенінің куәсі болдым.

Асыра айтқандық емес, ер азаматтың өзі зорға шыдайтын басшылық қызметте әйел адамның болуы, оның өзіне татсырылған жұмысты абыройлы атқаруы – сирек кездесетін құбылыс. Қызмет бабымен Қызылорда облысында болған кезімде облыс медицинасын С.Макашова басқарған тұста жаңа денсаулық кешендері бой көтергенін көріп, көңілім бір марқайып қалатын еді. Сөзі сындарлы, ісі мығым ол ауыл медицинасын көтеруге зор көңіл бөлді» делінген оның естелігінде.

Басшы әсіресе маман мәселесін, олардың біліктілігін арттыруға баса назар аударды. Ел азаматтарының медициналық жоғары білім алып, ауылға қайта оралып, оны көркейтуге үлес қосатынына сеніммен қарады.

София Өтегенқызының 80 жылдығына арналған «Әйел бақыты» кітабы С.Смағұлұлымен бірлесіп 2002 жылы жарық көрген болатын. Кітапта ғұмырнама, жазбалар, Сыр елі медицинасы дамуында айтарлықтай із қалдырған, елеулі еңбегінің көрсеткіштері және өмірі мен қызметі сөз болды.

Халқымызда «бейнетіне қарай зейнеті» деген ой-толғау бар. С.Макашова КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Ленин, «Октябрь революциясы» ордендерімен, КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Ал «Қазақ КСР-нің еңбегі сіңген дәрігер» атағының орны қашанда биік. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің делегаты болып сайланды, ширек ғасыр пленум мүшесі және облыстық кеңес депутаты болды. Жиырма жылға жуық халық депутаты облыстық кеңес атқару комитетінің мүшесі болып жұмыс атқарды. Ұланғайыр еңбегін ескеріп С.Макашеваның есімі есте қалу үшін Қызылорда қаласынан көше аты берілді.

Сыр елінің сый-құрметіне бөленген, абырой арқалаған, қоғамда нәтижелі қызмет атқарып, өңірдің мақтанышына айналған ол адалдықтың ақ туын кірлетпей өмірден озды.

Біздің мақсатымыз – қазақ қыздары арасынан алғаш болып білімге ұмтылып, өзінің ақыл-зеректігі арқасында қызылордалықтардың құрметіне бөленген София Макашеваның ғұмыраты ғұмырын ұлықтап, туғанына 100 жыл толуына байланысты халқымыздың жадында жаңғырту. Ардақты апаның балалары мен немерелері қадір-қасиетін биік ұстап, болмысын, адамгершілігін, дәстүрін жалғастырып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Өмір деген ұлы көште кездесетін кейбір қиын сәттердің өзінде ұстамдылық танытып, ерекше қасиеттерімен бізге өнеге болған жанның тәлімі, тәрбиесі, ұстаздығы осы уақытқа дейін жадымызда сақталып келеді.

Тұрғанбай МАХАНОВ, облыстың Құрметті азаматы, республикаға еңбегі сіңген дәрігер

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР ИЕСІ

Жуырда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінде генерал-майор Михаил Дауеновтің 80 жылдығына арналған «Өнегелі ғұмыр иесі» атты еске алу іс-шарасы өтті. Жиынға департаменттің жеке құрамы мен ардагерлер қауымы қатысты.

Іс-шараны аймақтық орган бастығының міндетін уақытша атқарушы, ұлттық қауіпсіздік органдарының полковнигі Е.Замишев ашып, генерал-майор М.Дауеновтің өмірбаян деректерімен таныстырды. 1992 жылы «Набат» жауынгерлік операциясы кезінде өз өмірін қатерге тігіп, қиын келіссөздер жүргізген ұлттық қауіпсіздік органдарының офицері, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қызылорда облыстық басқармасының бастығы Михаил Дауенов болғандығын сөзге арқау етті.

Сондай-ақ, «ҰҚК органдарының ардагерлері» республикалық қоғамдық ұйымы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, отставкадағы полковник С.Досмағамбетов генерал-майорды еске алу іс-шаралары ол қызмет атқарған комитеттің Маңғыстау, Қостанай облыстық департаменттерінде де ұйымдастырылып отырғандығын жеткізді.

Генерал-майормен үзегілес болған ҰҚК органдарының құрметті ардагерлері, отставкадағы полковниктер Ералы Нұрахмет Жұмаметұлы мен Қойшыбаев Еркінбек

Ерімбетұлы М.Дауеновтің 1992-1996 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қызылорда облыстық басқармасының бастығы кезіндегі және 1992 жылы өңірде қалааралық «Икарус» автобусын басып алған аса қауіпті қарулы қылмыскерлерге қарсы «Набат» жауынгерлік операциясының жүзеге асырылуы туралы өз естеліктерін бөлісті.

Іс-шараға қатысушыларға генерал-майордың өмір деректеріне арналып шығарылған деректі фильм көрсетілді. Ұлттық қауіпсіздік органдарының құрметті ардагері, отставкадағы полковник Әмірхан Бәкірұлының қаламынан туған «Набат» операциясы атты деректі повесть таратылды. Сонында марқұм болған ардагерлердің рухына бағышталып ас берілді.

«СБ» ақпарат



Әбенәв әлемі

Ол – феномен! Жазушызудың жиһангерінен гөрі шығармашылық ұжымды басқару мен руханиятқа қолдау жасаудың риясыз өкілі. Мүйізі қарағайдай қаламгерлерді шыңдаған шығармашылық мектептің маңызы Әбенәвтің әлемімен көп байланысты. Осындайда әл Фарабидің «басшы – басқаға үйретіп, жол көрсетуге құдіретті адам» дегені еске түссе, журналистика жолын жаңғыртқан жұмыстары өшпес өнегесімен өзекті.



Ол жайдары жүзді, қарамағындағыларды қанатының астына алып, қамқорлық жасайтын қасиетімен де қадірлі, әріптестері әкесіндей көрді. Қоғам қайраткері ретінде аймақ өміріне өзіндік қолтаңбасын қосты.

Жалпы, Қалқабай Әбенәвтің журналистік жолы ұзақ әрі қызық. Ұзағы – жылдардың жемісі көп, журналистиканың дәуірлеу кезеңі басталды. Сыр бойының сөз саптауы серек саңлақ ұл-қызын бір ордаға біріктіріп, елімізге руханияттың риясыз үрдісін үкілей білді. Ол Шиелі аудандық «Коммунизм жолы» газетін үш жыл басқарып, Қызылорда облыстық «Ленин жолы» журналының редакторы болып, ерен еңбектің қызықтарын білді.

Қалқабай Әбенәв 1922 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы Айдарлы совхозында дүниеге келді.

Аштық жайлаған ауыр кезеңде отбасы Өзбекстанға көшті, сол Қаруыншы ауылынан 1942 жылдың көктемінде майданға аттанды. Құдай қарасып, Германия жерінде Жеңісті қарсы алды. «Отан соғысы» орденін, «Әскери қызмет еткені үшін», «Германиядағы жеңісі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарын кеудесіне тақты. Елге келген соң Оразкул ағамызбен шаңырақ көтеріп, Сырдария ауданының «Бір-

лестік», «1 Май» мектептерінде мұғалімдіктен бастап, кейін оқу ісін басқарды. Анамыз алты құрсақ көтерген, ұлағатты ұстаз болған өте сыйлы кісі еді. Байыпты, салмақты сөзі оның тұла бойынан тағылым алатындай бір тұғыр болатын.

1951 жылы Гоголь атындағы пединститутты аяқтаған соң Қызылорда облыстық партия комитетінде нұсқаушы, насихат секторының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1964 жылы Мәскеу қаласындағы СОКП ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебін бітіріп шықты. Партия мектебінен кейін облыстық комитетте лекторлар тобына жетекшілік етті. Әрі қарай «Ленин жолы» газетінде ұзақ жыл редактор болып, ерен еңбекі «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерімен бағаланды.

Әбенәв әлемін кеңейтетін үлкен шараның бірі – 1972 жылы газеттің 10 мыңыншы санының жарыққа шығуына орай Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Мақтау қағазымен марапатталды. Газет пен оның қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында облыстық партия комитетімен келісе отырып, 1973 жылы редакция Коммунистік проспектісі, 60 мекен-жайындағы жаңа қонысқа көшті. Сол кездері газеттің таралымы 40 мың данаға жетті.

Ал 1979 жылы басылым жоғары

мемлекеттік награда «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, газет нұсқалары Мәскеудегі бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне үлгі ретінде ұсынылды.

Әр жылдары Қалмақан Әбдіқадиров, Дүйсенбі Смаилов, Жүніс Жәукебаев, Әбдіразақ Баранов, Сейітқасым Сейтенов, Дархан Сапаров, Қайырбек Мырзахметов секілді қаламы қарымды қаламгерлерді жанына жинады. Басылымның бай қоры газеттің жанрлық ерекшелігін айшықтап берді. Әсіресе, очерк, суреттеме, репортаж жанры жанданды. Редакция құтты қонақтар – Асқар, Сырбай, Әбділда, Әбдіжәміл, Қалтай секілді әдебиет алыптарының бас қосатын шығармашылық шаңырағы болды. Сол үлгілі үрдіс әліге дейін жалғасын тауып келеді.

Бүгінде ҚР ІІМ-нің полиция полковнигі, «Құмқол-Сервис» ЖШС директоры Қанат Қалқабайұлы қарашырақтың иесі, тектіліктің тұяғы ретінде әке рухын үнемі жоғары қояды. Оның да бір куәсі – жас журналистердің шығармашылығын қолдау мақсатында жыл сайын дәстүрлі Қалқабай Әбенәв атындағы облыстық байқау өткізіп келеді. Осының өзі – Сыр журналистикасына деген құрметтің бір парасы.

Қаныбек ӘБДУОВ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы бастылығының жеке және заңды тұлға өкілдерін қабылдаудың 2024 жылға арналған кестесі

Қабылдаушының аты-жөні	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны	Сенім телефоны
Сәрсенбаев Жандос Әубәкірұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы	Сәрсенбі, сағат 15.00-18.00	Қызылорда қ., М.Шоқай көшесі, №150 Е	20-15-88	8/7242/ 20-15-87
Сыздықов Есенгелді Серікұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкілі	Жұма, сағат 15.00-18.00	Қызылорда қ., М.Шоқай көшесі, №150 Е	20-15-83	8/7242/ 20-15-87

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru





Келешегі кемел БІЛІМ ҰЯСЫ



Кеше қаладағы «Ұлағат білім ордасы» жеке мектебінде «Тәуелсіз елдің жастары» атты мерекелік шара өтті. Білім мекемесінің жүйелі жұмысын ата-аналарға таныстыру және Тәуелсіздік күні аясында үздік шәкірттерді марапаттау мақсатында ұйымдастырылған басқосуда мектеп тынысымен таныстық.

**Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»**

Ұжым бұл жиында ата-аналарға есеп берді. Мектеп 2021 жылы жаңа оқу жылы қарсаңында қаланың «Саяхат» шағын ауданында ашылған. Сәні келіскен, заманауи үлгідегі, ақысыз, жалпы орта білім береді 450 орындық. Алғашқы оқу жылында мектеп табалдырығын 373 оқушы аттаған. Қазір мұнда 596 оқушы білім алуа. Оның 297-сі – бастауыш сынып,

қалғаны 5-11 сыныптың оқушылары.

– Ұстаздардың сапалық құрамы жақсы жасасқалған. Мектепте барлығы 66 мұғалім қызмет істейді. Оның ішінде магистр – 13, педагог-зерттеуші – 14, педагог-сарапшы – 9, педагог-модератор – 8.

Оқушылардың білім сапасы 2021-2022 оқу жылында 61,3% болса, 2023-2024 оқу жылында 68,3%-ға көтерілді.



Бізде бір мәселе ғана бар. Ол – ыстық тамақпен қамту. Бұйырса, оны келер оқу жылында толық шешеміз, – деді мектеп құрылтайшысы Қалқазбек Әжібеков.

Ашылғанына көп уақыт бола қой-маса да, мектеп оқушылары пәндік олимпиадалар, ғылыми жұмыстар және шығармашылық жобалар, спорттық сайыстардың жеңімпазы атаныпты. Жалпы білім беру пәндері бойынша 25 оқушы республикалық олимпиаданың II, III кезеңдерінің қорытындысымен түрлі орындарды жеңіп алған.

– 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын негізге ала отырып, мектепте «Жасыл мектеп» жобасы жүзеге асырылуда. Оның «Экологиялық мәдениет», «Биоалуантүрлілік», «Өлкетану», «Жасыл желек», «Жасыл зертхан», «Қалдыссыз технология», «Тірі табиғат бұрышы», «Дені саулық – жаны сау», «Экологиялық-ақпараттық шаралар», «Баламалы энергия» сынды бағыттары бар.

Мұнда оқушыларды машықтандыра отырып, аймақтық, республикалық, халықаралық «Жасыл мектептер» бірлестігімен, ғылыми-тәжірибелік білім беру ұйымдарымен, ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті мамандандырылған орталықтармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау арқылы функционалды сауатты тұлға қалыптастыру көзделген, – деді мектеп директоры Серікбай Асанов.

Бүгінде оқыту мен тәрбие беру үдерісінде сыныптан тыс шаралардың маңызы өте зор. Ол оқушының теориялық білімін кеңейтіп толықтыруда және жеке шығармашылығы мен қабілеттерін шыңдауда үлкен рөл атқарады. Сол себепті мектепте пәндік, шығармашылық үйірмелердің, спорттық секциялардың жұмысы жолға қойылған.

Мұндағы «Тіл жанашыры», «Русский язык и литература», «Speak English», «Жас физиктер», «Жас

химиктер», «Бағдарламашылар», «Робототехника», «Математика», «Өлкетанушылар», «Табиғат жана-шырлары», «Жас зерттеушілер», «Тарих», «Қытай тілі» пәндік үйірмелерімен таныстық. Сонымен бірге «Домбыра», «Хореографиялық би» шығармашылық үйірмелері, «Жеңіл атлетика», «Стол теннисі», «Асық ату», «Еркін күрес», «Баскетбол», «Гандбол», «Жас сарбаз», «Тоғыз-құмалақ», «Бес асық», «Садақ ату», «Шахмат» спорттық үйірмелерінің де оқушыларға үйретері көп екен.

– Мектеп ашылған жылы үлкен немерем бірінші сыныпқа келген еді. Шүкір, қазір үшінші сынып оқиды. Бастауыштың оқушыларын мектеп көлігі үйден алып кетіп, әкеліп тастайды. Қызым оқуда озат. Биыл екінші немерем де осы мектепке келді.

Мұнда бар жағдай жасалған. Оған қоса «Airtsp» жобасы аясында мектеп жанынан ашылған «Футзал», «Қазақша күрес», «Грек рим күресі», «Волейбол», «Көркем гимнастика», «Хормен ән айту», «Эстрадалық вокал», «Көркем оқу», «Шешендік өнер», «Ағаш ою», «Бисермен өру», «Киім тігу» үйірмелерінде балаларымыз шыңдалып жатыр. Мұны ұстаздардың өзі аралатып, таныстырып өтті. Бәріне ризамыз, – деді ата-ана Бақытжан Амантай.

Жаңа жайлы ортада нәтижеге жеткен оқушының болашағы кемел. Ұстаздар шәкірттердің эстетикалық талғамының өсуіне, қоршаған ортамен қарым-қатынасының жақсы болуына үлкен ықпалын тигізетіні белгілі. Сондықтан қоғамның даму кезеңінде және білім берудің ұлттық үлгісін жүзеге асыруда мұғалімдердің еңбегі зор екені баршаға мәлім.

Шара барысында оқушылар ән айтып, би биледі. Түрлі көріністер қойып, үздіктер марапатталды, рәміздер ұлықталды. Бастысы ата-аналардың көңілі ток. Сол үшін де оқушыларды тәрбиелеп келе жатқан білім мекемесінің келешегі кемел екеніне сенеміз.



Суреттері түсірген НҰРЖАУБАЙ

Жалпыға бірдей декларациялау. Декларациялауға қандай мәлімет ұсыну керек?

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңін жүргізуге байланысты 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны (250.00-нысан) заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары тапсыратынын еске салады.

Салық кодексінің 631-бабында жеке тұлғалар өз декларациясында қандай мүлік пен міндеттемелерді көрсетуі керектігі туралы айтылады. Мысалы, сіз декларацияда 31 желтоқсандағы жағдай бойынша не бар екенін көрсетуіңіз керек:

- Басқа елдерде тіркелген жылжымайтын мүлік, жер, кемелер және көлік құралдары;
- Шетелдік банктердегі шоттардағы ақша, егер олардың сомасы 1000 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) артық болса. 2023 жылға АЕК 3022

теңгені құрайды, яғни егер оларға 3022000 теңгеден артық болса, сіз өз шоттарыңызды декларациялауыңыз керек. Бірақ егер Сіз мемлекеттік органда жұмыс істесеніз немесе сыйбайлас жемқорлық тәуекелімен байланысты лауазымға ие болсаңыз, онда сіз шетелде шоттарды ашуға және иеленуге құқығыңыз жоқ;

- Құрылысқа үлестік қатысу туралы шарт бойынша сатып алған тұрғын ғимараттағы үлесіңіз;

- Шетелдік компанияның жарғылық капиталындағы үлесі, яғни егер сіз осындай компанияның тең иесі немесе акционері болсаңыз;
- Бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары және цифрлық активтер, яғни әртүрлі акциялар, облигациялар, опциондар, фьючерстер, криптовалюталар және т. б.;

- Инвестициялық алтын, яғни нарықта сатуға немесе сатып алуға болатын алтын құймалар немесе монеталар;

- Зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері, яғни егер сіз қандай да бір өнертабыстың, патенттің, тауар белгісінің, өнер туындысының, әдебиеттің, музыканың және т. б. авторы немесе иесі болсаңыз;

- 10 000 АЕК шегінен аспайтын сомдағы қолма-қол ақша, яғни 30 220 000 теңге;

- Басқа адамдардың сіздің алдындағы қарызы немесе сіздің басқа адамдардың алдындағы қарызыңыз, егер ол нотариалды расталса, яғни сіз ақша немесе мүлік берсеңіз немесе қарызға алсаңыз және нотариус куәландырған шарт жасасаңыз.

- Бұл сіз банктерден алған немесе берген несиелерге қатысты емес.

Егер сізде осы тізімге кірмейтін басқа мүлік болса, оны өз қалауыңыз бойынша декларацияда «Басқа мүлік» бөлімінде көрсете аласыз.

Егер Сіз мемлекеттік органда жұмыс істесеніз немесе сыйбайлас жемқорлық тәуекелімен байланысты

лауазымда болсаңыз, онда сіз өзіңіздің мүлкіңіз туралы ғана емес, оны сенімгерлік басқаруға немесе сенімгерлік басқаруға бергеніңіз туралы да хабарлауыңыз керек. Бұл сіздің мүлкіңізді Сіздің немесе жақындарыңыздың мүддесі үшін басқаратын басқа адамға немесе ұйымға сеніп тапсырғаныңызды білдіреді.

Сонымен қатар, сіз декларацияда міндетті түрде декларацияланбайтын, бірақ үлкен құны бар басқа мүлкікті көрсете аласыз. Мысалы, егер сізде сурет, монета, антиквариат зат немесе құны 3 022 000 теңгеден (1000 АЕК) асатын басқа зат болса, онда сіз бұл туралы декларацияда хабарлай аласыз. Бірақ бұл үшін сізде бағалау ұйымынан тапсырыс берген осы мүлкікті бағалау туралы есеп болуы керек. Бұл мемлекеттік немесе басқа тіркеуге жататын мүлікке, мысалы, жылжымайтын мүлікке, көлік құралдарына немесе бағалы қағаздарға қатысты емес.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Фот. Аманжол

ОЛ КҮН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Уақыт сырғып, қазақ тарихы жаңа оқиғалармен толыға түсуде. Алайда сол бір 1986 жылдың желтоқсанын ешкім санадан өшіре алмасы анық. Быыл міне, болашағы үшін күрескен жастардың ерлігіне – 37 жыл. Басын бөйгеге тіккен желтоқсаншылардың есінен ол оқиға бір сәтке де шыққан емес. Олардың қай-қайсысымен сөйлессеңіз де, сол кездегі сәтті суреттеп береді. Есенкүл Нұржановамен әңгімелесу барысында бейбіт күннің құндылығын ұғына түстік.

**Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»**

– 1986 жылы Қазақ мемлекеттік университеті физика факультетінің 3 курс студенті едім. Жасым 22-де. Ол уақытта физика факультеті ҚазГҰАҒ-қа көшпеген, яғни, Комсомол көшесіндегі (Никольский базары жаны) ескі ғимаратта оқытынбыз. Сабақта отырған едік. Көшеден шулаған, айқайлаған дауыс естілген соң, бәріміз терезеге жүгірдік. Карасак, ағылған жастар. Олар «кімде-кім қазак болса, бойында қазақтың қаны мен намысы болса көшеге шықсын, алаңға жиналып жатырмыз» деп лек-лек болып бара жатты. Біздің жанымызда медицина институты ғимараты болатын. Көбі – сол институттың студенттері. Сабақ біткен соң жатақханаға келдік. Қазақстанның бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевты алып тастап, орнына басқа ұлттың азаматы Колбин дегенді қойғанын естідік. Қазақ елін басқа ұлт өкілінің басқарғанын шектен шыққандық, басынғандық деп қабылдадық. Бөлмемізде отыра алмадық. Сөйтіп, 16 желтоқсан күні түстен кейін сағат үштің шамасында бөлмедегі 4 қыз болып Брежнев алаңына келдік.

Біз жеткенде алаң тола жастар екен. Үкімет үйін солдаттар қоршап тастаған. Жастар қолдарына дауыс зорайтқыш алып «Неге қазақ елін қазақ азаматы басқармайды? Қазақтан Абай, Сәкен, Бейімбет шыққан. Осындай зиялылар шыққан елді басқаратын қазақ азаматтары бар» деп наразылық білдірді. Кімде-кім дауыс зорайтқышты алып сөйлесе, бүкіл алаңдағы жастар отыра қаламыз, өйткені оның алдында тұрып сөйлегендерді ұстап алып кете берген. Содан соң бәріміз бірге Шәмшінің «Менің Қазақстаным» атты әнін шырқалдық. Қазір сол ән еліміздің Әнұранына айналды. Үкімет үйінен бас прокурор алаңдағы жастарға: «Аланның қайтыңдар, ақыматтық жасамандар!» деп жатты. Жастар «Бізге Қонаев шығып сөйлесін, өзі түсіндірсеңіз жастарды» деді. Алайда бұл сөзге құлақ асқан адам болмады, – дейді ол.

Міне, осыдан кейін алаңға әскери жасақ келіп, алдынан шыққанның бәрін соққыға жығып, қыз-жігіттерді шашынан сүйреп, жүк көліктеріне салып әкетіп жатты. «Кез келген соққыға шыдаймыз» деген олар бір-бірінен ажырамау үшін шынжыр теріздек етіп қолдарын байлап, қарсы тұрудан сескенбеген.

– Біраздан кейін алаңда қолында қалқан, шоқпары бар жасақ көбейіп кетті. Бізде ешқандай қару жоқ, таяқтың астында қалдық. Сонда да жұрт қайтпалы, осы кезде өрт сөндіретін бірнеше көлік су шаша бастады. Жолындағы адамдарды басып, жаншып өте берді. Күн өте суық, қар да қалың түскен. Қаша алмай құладым, үсті-басым маламдай су болды, киімдерім мұз болып қатып қалды, – дейді Есенкүл Нұржанова.

Ертеңіне жатақхана бөлмесіндегі кішкентай радиодан «Көшенің наркомаңдар мен алкаголиктер, бұзақылар басып кетті» деп жатты. Сонда жапқан жала, жаққан күйеге әбден ызылданған. Алайда қолдан келер шара жоқ.

– Содан кейінгі күндеріміз тіпті қорқынышты болды. Жатақханадан қол қойып шығып, сабаққа барамыз. Ол жерден де қол қойып шығып, жатақханаға келеміз. Лекцияда отырған кезде бір топ адам сау етіп келіп, қолдарындағы суреттермен сәйкестендіріп тексеретін. Зереміз ұшып төмен қарап отырмыз. Группадағы біраз жігітті «үлгерімі төмен» деп шығарып, ауылдарына қайтарып жіберді. Ол кезде бұл оқиға жайлы айтуға бата алмайтынбыз. Оқудан шығарып жібере ме деген ой мазамызды қашырды. Қаша дегенмен ата-ананың артық үміті бар. Осы егемендік алған бақытты күнді көру бұйырған шығар, аман-есен оқуымызды аяқтап елге оралдым, жұмысқа орналастым, отбасымыз болдым.

16 желтоқсан мен үшін мереке емес. Өйткені бұл күні қаншама қазақ жастарының қаны төгілген, соңы ауыр зардапқа ұласқан, қаншама жазықсыз студент түрмеге қамалған. Бұл күн – мен үшін тәуелсіздікке тәу ететін күн. Ендігі жерде мұндай оқиға қайталанбасын. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болса екен, – дейді Есенкүл Сарғалықызы.

Осынау тарихи оқиғаны басынан өткерген сол кездегі өрімдей қыз – қазір аяулы жар, ардақты ана, ұлағатты ұстаз. Үш баланың анасы, немерелерінің әжесі. Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейде информатика пәнінің мұғалімі.

Иә, Желтоқсан оқиғасы туралы талай әңгіме естіп жүрміз. Алайда ызғарлы күндердің куәсі болған кейіпкердің әңгімесінің әсері бөлек. Бүгінде сол уақыттағы әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы шыққан рухты, арманшыл жастардың бастамасы нәтижесіз қалған жоқ.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы филология ғылымдарының докторы, профессор Жеңіс Сәдуақасұлына інісі

Жақсаян Сәдуақасұлының

дүниеден озуына байланысты қағасына орнатасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 20 желтоқсан, сәрсенбі күні шығады